


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

2025 ж. 30 сәуір.

күні

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ

№ 17-20-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы" РММ
Ғылыми кеңес шешімімен


Бекітілген
төраға

 Г. Тасбергенова





2025 жылғы «30»

сәуір

№ 10 хаттама



ҚОСДИПЛОМДЫ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН (БББ) ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Дайындаған:			
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Н. Ертаева	30.04.2025
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	30.04.2025
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жөніндегі жобалық офис басшысы		А. Сарымсакова	30.04.2025
Заң секторының бастығы		Д. Мамедова	30.04.2025
Лауазымы	Қолы	АӨТ	Күні

МАЗМҰНЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР:	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3. ҚОСДИПЛОМДЫ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ	5
4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОСДИПЛОМДЫ/ББББ ҚАТЫСУЫ	6
5. ТҮЗЕТУЛЕР	7
6. КЕЛІСІ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ	7
7. ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	9
8. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	10

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 2 беті

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР:

Құрманғазы атындағы ҚҰК - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

РММ - Республикалық мемлекеттік мекеме

ҚР БЖҒМ - Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы

ББББ – Бірлескен білім беру бағдарламасы

ПОҚ - Профессор-оқытушылар құрамы

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

АМЖҚ – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет

АМ жөніндегі проректор – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

ЖЖЖООКББҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

ҒК – Ғылыми кеңес

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 3 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қолданыстағы Бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ (бұдан әрі – Консерватория) үшін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарында айқындалған талаптарға сәйкес әзірленді.

2. Ереже Консерваторияда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің барлық деңгейлері бойынша білім алушыларға арналған бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібін реттейді.

3. Осы ереже Консерваторияның ішкі қызметінде қолданылады.

4. Негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) Қосдипломды бағдарламалар – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әріптестерінің білім беру бағдарламаларының сәйкестігі мен үйлесімділігіне негізделген бағдарламалар және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын анықтау, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін дәреже немесе біліктілік сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталады;

2) Бірлескен білім беру бағдарламасы (joint program) – бұл екі немесе одан да көп жоғары оқу орындары (қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік) бірлесіп әзірлеп, жүзеге асыратын білім беру бағдарламасы, оны сәтті меңгерген түлектерге екі немесе одан да көп жоғары оқу орнының бірлескен (қос немесе бірнеше) дәрежелері (біліктіліктері) беріліп, тиісті жоғары білім туралы құжаттар (дипломдар, сертификаттар) табысталады;

3) Қос (немесе бірнеше) дәреже (multiple degree) – бірлескен бағдарламаны аяқтаған білім алушыға әрбір әріптес ЖОО-дан екі немесе одан да көп ұлттық дипломның (Double Degree Diploma) берілуі;

4) Бірлескен дәреже (joint degree) – бірлескен білім беру бағдарламасын аяқтаған түлекке барлық әріптес жоғары оқу орындарының қолы қойылған бір ортақ дипломның (Joint Diploma) берілуі;

5) Оқу нәтижелері – бұл білім алушылар мен түлектердің күтілетін және өлшенетін нақты жетістіктері, олар білім, іскерлік, дағды, қабілет және құзыреттер тілімен сипатталады және білім алушы/түлек оқу бағдарламасының толық немесе жартысын аяқтағаннан кейін не істей алуы тиіс екенін көрсетеді. Оқу нәтижелері мен білім беру және/немесе кәсіби біліктілікті беру үшін қажетті құзыреттер формальді, формальді емес немесе информалды білім беру жүйелерінде қол жеткізіліп, меңгерілуі мүмкін.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

5. Қолданыстағы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

а) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

б) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы);

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 4 беті

в) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы);

г) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);

д) Ресми емес білім арқылы алынған оқу нәтижелерін тану, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы).

3. ҚОСДИПЛОМДЫ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ

БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

6. Қос дипломды білім беру бағдарламалары мен бірлескен білім беру бағдарламалары (ББББ) екі серіктес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖжЖООКББҰ) арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

7. Білім алушының бірлескен білім беру бағдарламасының бір бөлігін серіктес ЖжЖООКББҰ-да меңгеруінің міндетті көлемі айқындалады.

8. Қос дипломды білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушыларға серіктес ЖжЖООКББҰ-ның әрқайсысының дәрежесі немесе келісім негізінде бірлескен дәреже беріледі.

9. Шартта оқу кезеңдері мен нәтижелерін өзара тану және автоматты қайта есептеу міндеттілігі келісімдер, сапаны қамтамасыз ету бойынша жалпы қағидалар мен стандарттар негізінде бекітіледі.

10. Серіктес ЖжЖООКББҰ қос дипломды білім беру шеңберінде оқытушыларды, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеуге, оқытуға, қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысуға тартады.

11. Бакалавриат үшін серіктес ЖжЖООКББҰ-да оқыту кезеңі кемінде 2 жыл, магистратура үшін – кемінде 1 жыл, докторантура үшін – кемінде 1 жыл болуы тиіс.

12. Бірлескен білім беру бағдарламасы тиісті құрылымдық бөлімшелердің (мысалы, кафедралардың) бастамасы бойынша Әдістемелік кеңесте қаралады.

13. Бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру туралы шешім ЖжЖООКББҰ ҒК қабылданады және онда мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) бірлескен бағдарламаны құрудың өзектілігі мен қажеттілігінің негіздемесі;
2) оқыту деңгейі, берілетін дәреже мен біліктілік, оқыту мерзімі көрсетілген бірлескен бағдарламаның атауы;

3) білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы (құрылымы мен мазмұны);

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 5 беті

4) серіктес ЖжЖООКББҰ туралы, бағдарламаның болжамды жетекшілері туралы ақпарат.

14. Консерваторияның ҒК шешімі негізінде бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленіп, бағдарлама жетекшілері тағайындалады.

15. Барлық әзірлеу кезеңдері аяқталғаннан кейін бағдарлама әріптес жоғары оқу орындарының басшыларымен бекітіледі және іске асырыла бастайды.

16. Бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға кандидаттарды қабылдау бағдарламада көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

17. Бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру осы Ережеге, сондай-ақ «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде көрсетілген білім беру қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

18. Бірлескен бағдарламалармен көзделген академиялық ұтқырлық (білім алушылардың, оқытушылардың, әкімшілік қызметкерлердің) Қазақстан Республикасының заңнамасы, ҚР ҒЖБМ нормативтік-құқықтық актілері, ЖОО Жарғысы, халықаралық шарттардың нормалары және серіктес ЖжЖООКББҰ-ның ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

19. Бірлескен бағдарламаларға қатысушы шетел азаматтарына қатысты басқа шетелдік білім алушылар мен оқытушылар, қызметкерлерге қойылатын құқықтар мен міндеттемелер қолданылады.

20. Бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқыту сапасына бақылау серіктес ЖжЖООКББҰ өкілдерімен бірге жүргізіледі; қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылар тартылады (бағдарлама басшылығының шешімімен).

21. Қажет болған жағдайда бірлескен білім беру бағдарламалары қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен қашықтықтан оқыту әдістері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

22. Бірлескен білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуын үйлестіретін Консерватория/серіктес ЖжЖООКББҰ кафедрасы (факультеті) білім алушыларды бірлескен бағдарлама аясында ЖжЖООКББҰ-да оқытылатын пәндер бойынша ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОСДИПЛОМДЫ/ББББ ҚАТЫСУЫ

23. Білім алушыны қос дипломды білім беру бағдарламасына / бірлескен білім беру бағдарламасына (ББББ) қосу оның өтініші негізінде және серіктес ЖжЖООКББҰ-мен жасалған келісім (шарт) шеңберінде жүзеге асырылады. Білім алушы серіктес ЖжЖООКББҰ-да қабылдау рәсімдерінен өтеді.

24. Қос дипломды білім беру бағдарламасына қосылған шетелдік білім алушылар "интеграцияланған білім беру" деген арнайы белгісімен, оқу кезеңі, ұзақтығы, пәнаралық тізімі және игерілетін кредит көлемі көрсетілген түрде жалпы білім алушылар құрамына қабылдану рәсімінен өтеді.

25. Білім алушының жеке оқу жоспарына оқу пәндерінің тізімі, олардың еңбек сыйымдылығы (кредит және сағат түрінде), семестрлер бойынша бөлінуі, оларды меңгеретін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары – серіктестер, сондай-ақ қайта есептеу тәртібі енгізіледі.

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 6 беті

5. ТҮЗЕТУЛЕР

26. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

27. Сақтауға тапсырылған Ережеге өзгерістер енгізу туралы хабарлама шығару тек әзірлеуші құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асырылады.

28. Ережеге өзгерістерді АМЖҚ басшысы енгізеді және бұл өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағында міндетті түрде белгіленуі тиіс.

29. Түпнұсқа мен тіркелген жұмыс көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге АМЖҚ жауапты.

30. Ереже Академиялық мәселелер жөніндегі проректор мен АМЖҚ тарапынан кемінде үш жылда бір рет қайта қаралады және бұл тексеру мерзімділігі есепке алу парағына жазылуы тиіс.

31. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негіздері мыналар болуы мүмкін:

1) заңдық күші бар нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) ректордың бұйрықтары;

3) құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

4) құрылымдық бөлімшелердің қайта ұйымдастырылуы;

5) АМЖҚ басшысының өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып, Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен берілген қызметтік жазбасы.

32. Құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда, Ереже де жаңасына ауыстырылуы тиіс.

33. Ереже толықтай ауыстырылған жағдайда Консерваторияда бар барлық бұрынғы нұсқалары жойылып, жаңа нұсқалармен алмастырылуы тиіс.

34. Ескірген Ережені ауыстыру және жою үшін Академиялық мәселелер жөніндегі проректор мен АМЖҚ басшысы жауапты болады.

35. Күшін жойған Ережеге «Күшін жойған» деген белгі қойылады және күшін жоюдың негізі, күні, белгі қойған адамның қолы көрсетіледі.

6. КЕЛІСІ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

36. Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді АМЖҚ жүзеге асырады.

37. Ережені әзірлеуді АМЖҚ жүргізеді.

38. Ереже келесі тұлғалармен келісілуде:

1) Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен;

2) Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық офисінің басшысымен;

3) Заң секторының басшысымен.

39. Ереже ректордың бұйрығымен бекітіледі және күші жойылғанға дейін қолданыста болады.

40. Ереженің түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағат бөлімінде сақталады, оның сақталуына осы бөлімнің басшысы жауап береді.

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 7 беті

41. Құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің Ережемен жеке танысуын ұйымдастыру және түпнұсқадағы танысу парағына қол қойдырту үшін Академиялық мәселелер жөніндегі проректор мен АМЖҚ басшысы жауапты.

42. Консерваторияға жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде оны осы Ережемен міндетті түрде таныстыру туралы ақпарат беруді кадрлар бөлімі қамтамасыз етеді.

43. Ереженің тіркелген жұмыс көшірмелерін тарату Құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағат бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

44. Ереженің тіркелген жұмыс көшірмесінің бөлімшеде сақталуына АМЖҚ басшысы жауапты.

Ереже	Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын (ББББ) әзірлеу және іске асыру тәртібі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 8 беті

